

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін «Кен байыту кешені жұмысшыларының денсаулығын басқарудың медициналық-әлеуметтік негіздері» тақырыбындағы Тилемисов Магжан Какармановичтың диссертациялық жұмысына сын-пікір

Тилемисов М.К. Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша 2015-2018 жж. аралығында білім алды. Көрсетілген кезеңдер аралығында Тилемисов М.К. өзінің мамандығы бойынша қажетті оқу жоспарына сәйкес дайындықтардан өтті, керекті білім мен қабілеттіктерді менгере алды.

«Кен байыту кешені жұмысшыларының денсаулығын басқарудың медициналық-әлеуметтік негіздері» тақырыбындағы Тилемисов Магжан Какармановичтың диссертациялық жұмысының өзектілігі ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жаңа Жолдауында, Үкіметке биылғы жылдың соңына дейін «2030 жылға дейін Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын» қабылдауды тапсырды. Ол жұмыс орындарындағы кәсіби қауіптің алдын алуға және болдырмауға бағытталуы керек деп баса көрсетті.

Көрсетілген уақыт аралығында М.К. Тилемисов «Кен байыту кешені жұмысшыларының денсаулығын басқарудың медициналық-әлеуметтік негіздері» тақырыбы бойынша PhD докторлық диссертациясына қажетті мәліметтерді жинап, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасады.

Кен байыту кешені жұмысшыларының арасындағы салыстырмалы түрде көрсетілетін денсаулық деңгейінің айырмашылығын бағалап, өзекті мәселе екенін байқауға болады.

Медициналық-әлеуметтік (саул нама) құраушы факторларды қолдана отырып, кен байыту кезіндегі жұмысшылардың денсаулығы зерттелінді. Кен байыту кешені жұмысшыларының денсаулық жағдайын өндірістік факторлармен байланысын ғылыми талдау жүргізді. Кен байыту кешені жұмысшыларының денсаулығын басқарудың медициналық-әлеуметтік бағдарламасы әзірленді. Келтірілген диссертациялық жұмыстың зерттеу мақсаты мен міндеттері толық ашылған.

Тилемисов М.К. ұсынып отырған ғылыми-зерттеу жұмысындағы зерттеу мақсатымен міндеттерінің нәтижелері қорытындыда толыққанда ашылып берілген. Орындалған диссертациялық жұмыстың нәтижесі алғаш рет кен байыту кешені жұмысшылардың денсаулығына әсер ететін медициналық-әлеуметтік факторлар анықталды, бұл өндірістік кәсіпорында аурудың алдын алу бағдарламасын жасауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, тау-кен өндірістік кәсіпорындарында жұмысшылардың денсаулығын субъективті бағалау және қауіп факторларын салыстырмалы зерттеу жүргізілді. Бірінші болып өндірістік кәсіпорын жұмысшыларының денсаулығына кәсіби қауіпті бақылау мен басқарудың бағдарламасы әзірленіп, енгізілді.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары Қазақстан Республикасының мерзімді ғылыми басылымдарында қажетті көлемде, халықаралық, республикалық және аймақтық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдар жинағында жарық көрғен.

Тилемисов М.К. 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін «Кең байту кешені жұмысшыларының денсаулығын басқарудың медициналық-әлеуметтік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы, «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша өзектілігі, ғылыми жаңалығы, тәжірибелі құндылығы бойынша диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді деп ой қорытамын.

Ғылыми жетекші:

«Қарағанды медицина университеті» КеАК

құрметті профессоры,

медицина ғылымдарының докторы, профессор

С.А. Ибраев

